



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ЭМОЦИЯНЫ ЖЕТКІЗУШІ ТӘСІЛДЕР****Калибасова А.Қ.**

a\_kalibasova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бейсембаева Г.З.

Адам қоғамда биологиялық, әлеуметтік, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға талпынады. Сол қажеттіліктерінің қанағаттандырылу, қанағаттандырылмауына байланысты түрлі сезімдік күй туады. Демек түрлі эмоциялық күйді бастан өткізеді. Адам қоғамда өмір сүргендіктен түрлі құбылыстардың әсерінен қуанады, шаттанады, күйінеді, ашуланады. Мұндай бастан өткізетін психологиялық күйді эмоция деп атаймыз. Алайда эмоцияға анықтама беру қиын. Өйткені оны зерттеумен психология, биология, философия, лингвистика айналысады. Әр ғылым өзінің зерттеу саласына байланысты өзінше сипаттайды. Бұл терминге берілген бірнеше анықтамаларға көз жүгіртсек:

В.И. Жельвис эмоцияны психологиялық тұрғыдан төмендегідей сипаттайды: «Эмоция – это такой способ отношение человека к окружающему миру и к себе самому, каторый выражается в виде непосредственного переживания».

Ал К.Э. Изардтың берген анықтамасы мынадай: «Эмоция – бұл сезім тәрізді күйде өтіп, ой мен әрекетті және сезімді реттейді, бағыттайды және жігерлендіреді. Эмоция адамның сезімін реттеп анығырақ айтқанда сүзгіден өткізіп отырады. Эмоция- адамның ішкі дүниесінің аса қуатты көріністердің бірі. Кез келген қоғамда өмір сүретін адам сол ортадағы түрлі жағдайға байланысты немесе сырттан түрлі ақпарат қабылдау кезінде бір қалыпта болмайды. Түрлі сезімдік күйді бастан кешіреді. Ол сезімді сыртқа шығарудың түрлі жолы бар оның бірі эмоцияны тіл арқылы шығару. Тіл адамзатқа қызмет ететіндіктен адамның дүниетанымы, түрлі сезімдік күйі, көркемдік әлемі, ұлттың болмысы тілден өз көрінісін табады.

Тіл өте күрделі, көп қырлы, сан сапалы құбылыс. Ең алдымен, ол - белгілі бір адамдар қауымында қарым-қатынас жасауды жүзеге асыру үшін табиғи жолмен пайда болған өзіндік ерекше көне таңбалар жүйесі. Тіл- сонымен бір мезгілде адамдардың ойлау қабілетін іске асырушы, оны одан әрі дамытушы, ерік-жігерін, сезімін білдіруші, мәдени-тарихи дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. [1,413] Тіл қатынас құралы қызметін атқара отырып, ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен бірге адамның түрлі көңіл-күйлері, эмоцияны да, сезімді де білдіретін бейнелеуші қызметтерін де атқаратын құрал болып табылады. Кейбір эмоцияларды бейнелейтін тілдік құралдар болмау салдарынан оларды дыбыспен, қимылмен білдіреміз. Мұндай тәсілдер эмоцияның тілдік теориясының құрамдас бір бөлігі- қарым-қатынастың бейвербалды амал-тәсілдері болып табылады. Бейвербалды амал- тәсілдердің көпшілігі барлық адамзатқа тән болғанымен, олардың бірқатары әр ұлттың мәдениетімен, салт-дәстүр, тарихымен, дүниетанымымен байланыста болады. Бейвербалды амал-тәсілдер вербалды амал-тәсілдер тәрізді әр адамның психологиясынан хабар береді. Әдетте қарым- қатынас кезінде коммуниканттар тілдік құралдарды пайдалана отырып, ым-ишарат, дене қалыптары мен қимыл-қозғалысы т.б. да компоненттерді қолданады. Мысалы, Менімен даң құрдас ұлы Серікпен ойнап, Иғанның үйіне жиі барамын. Ең таңғалатыным, берген сәлемінді ғұмырында алмаушы еді. “Естідім” деп, аюдікіндей алақанын сермей салатын.

Сөйлеу актісі белгілі фонациялық, ым, дене қимылы, көз әлпеті сияқты компоненттердің қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Тілдік қарым-қатынас кезінде мұндай бейвербалды амал-тәсілдер айтушы айтып отырған тілдік бірліктерге мағыналық реңк берумен қатар, адамның эмоциясын, ойын жеткізуде тілдік құралдармен бірдей қызмет етеді. Демек, адамның түрлі эмоциясы оның айтқан сөзі ғана емес, дауысының әр қилы құбылуы,

көзінің қарасы, қолының, басқа да дене мүшелерінің қимылы арқылы да көрінеді.

Интонация адамдардың қарым-қатынас кезінде атқаратын қызметі ерекше. Интонация — маңызды тіл құралы. Түрлі интонациямен айтылған әр сөйлем әр түрлі мағына береді. Интонация айтылған пікірлердің мағыналық және эмоциялық айырмашылықтарын береді; сөйлеушілердің көңілкүйін, олардың әңгіменің тақырыбына, бір-біріне деген көзқарастарын білдіреді. Сөздің айтылу интонациясына қарап, ол сөздің қандай эмоциямен айтылып тұрғандығын тану қиын емес. Интонация- ішкі сезімнің адам үніндегі бейнесі. Интонация тонының қарым-қатынас кезінде алатын орны үлкен. М. Мағауиннің шығармасынан үзіндіге көңіл бөлейік: «Бұл кезде мен әбден есімді жиып алған едім. – Отағасы, – дедім. Дауысыма қажетті тон бере алмасам керек, үнім айбарсыз шықты. – Сіздің мұныңыз жарамдады. – Бұдан ары тығылып сөз таба алмай, қалтамды қармалай бастадым. Отағасының бет-аузы тыржиып кетті» Интонация сөйлеу мазмұнымен байланысты болады. Дауыстың жоғары-төмен шығуының, сөздің жылдам-баяу айтылуының үлкен мәні бар. Келтірілген мысалдардан дауыстың алуан түрлі болып құбылуының тілдік құралдар арқылы бейнеленуін, олардың адам эмоциясын білдірудегі қызметін байқауға болады.

- Құдай-о-у, ақша тауып алдым—деп бар даусымен азандап айғай салды.[2,65] -  
қуанған әйелдің дауысы.

-Тастаймын!-Өлең-шешенің даусы ашына шықты. Сол тізерлеп отырған қалпы тағы да көз жасын булады.-Сеземін, сен енді Хасарға дұшпандық қана жасайсың.Білемін![3,110]-  
қайғы жұтқан әйелдің ашынған дауысы.

-Осы сөзді ести салат Өлең-шешенің даусы көкке жетіп “Тимейсің. Тиме! Хасарыма тиме, тиме...”-деп, төмпештей жөнелді. [3,112] – қорқып ашуға булыққан әйелдің дауысы.

-Міне, көрдің бе?-деді Айманға ақырып қалып. Өмірі дауыс көтеріп, ренжісіп көрмеген күйеуі адамға түсініксіз әлденені айтып тұр,қоштасып тұр. [3,195]- бойы ызаға толы екендігі көрініп тұр.

Адамның эмоция әсерінен жасалатын дене қозғалысы мен түрлі қарекеті де тілде мүмкіндігінше көрініс табады. Бұл қимыл-қозғалыстар, түрлі әрекеттер тек белгілі бір эмоцияға ғана тән болуы да немесе әр түрлі эмоция кезінде жасалуы да мүмкін. Оның барлығы жағдаятқа байланысты анықталады. Мәселен, ызаланған адам бір затты лақтырып жіберуі, екінші адаммен төбелесуі мүмкін, керісінше теріс айналып кетіп қалуы да мүмкін. Сондай-ақ, қорыққан адам қаша жөнелуі немесе сол тұрған орнынан қозғалмауы да мүмкін. Төмендегі мысал-дардан адамның түрлі дене-қимылдары мен ым-ишараттарының адам-ның ішкі ойын, сезімін, түрлі эмоциясын жеткізіп тұрғандығын байқауға болады.

-Ақбілек үстінде жатқан ашалы, ауыр қолды ақырын сырғытып қойды да, сыбдырсыз басын көтеріп, жер қорқақ болған ботадай, аяғын аңдап басып, сығалап қарап, жапсарды ашып, тысқа шықты. [4,102]- келтірілген мысалда қыздың қорыққан бейнесі суреттелген.

-Өзгелері үндемей шылымдарын тартып болып, тысқа шығып кеткенде, қара мұрт Ақбілекке жылы қарап, бір күрсінді де, жирен орысқа әлгідей емес, жайрандап сөйлей бастады. Алғашқы кезде нәресте шақырғандай, алақанын қармай, мойнын бұлғай, көзін тұнжырата, ернін шошайта сөйлеп, жирен орыс басын шайқап болмаған соң иығын қысып, көзін тікірейте, ернін кезерте, ызбарлана сөйледі. Келте-келте жауаптасып, жұдырықтарын білесіп, қара мұрт өңі сұрланып шығып кетті. [4,104]- мұндай жағдаятта ер адамның қасындағысын жақтыртпай, сұқаны сүймей тұрғаны бейнеленіп тұр.

Төлен зират басына қайта барды. Жас қабірдің үстінде дір-дір етіп отырған ақ көжекке айқай салды. Ақ көжек қозғалмады, тіпті селт етпеді. Үрей билеген денесі онан сайын тітіркеніп, Төлен қолына түскен қатқылдау топырақты жіберіп қалды. [3,98]- қорыққан адамның бейнесі.

Адамның көзі оның эмоциясынан тікелей, нақты, ашық ақпарат беріп отыратын құрал. Себебі ол адамның бетіндегі ең негізгі, ең маңызды мүше. «Көз – адам жанының, адам сезімінің айнасы» деп бекер айтылмаса керек. Төмендегі мысалдардан адамның көзі арқылы көрініс тауып отырған эмоциялық құбылыстарды байқауға болады.

Көздері жарқырап-жайнап тұрған Шынарға бір ауыз сөз тауып айта алмады. Сол

қыздан айырылып қалмадым ба екен?- деп асығып өайтып еді. Екі күндік жерге бәр-ақ күнде жетті. Енді міне, сол қыз алдында тұр. Мүсірептің аузына бір ауыз сөз түспей қойды. [5,298]- бұл мысалда адамның жарқыраған көзі қуанышты екендігін суреттеп тұр.

Қара мұрт Ақбілектің жан жарасын әлде көзінен оқып білді ме, әлде басқа бір сезім кернеді ме, кім білсін. Жирен орыс сүйем деп тағы кезенді, Ақбілек сырт беріп тыжырынды, ашуланған адамша анаған ажырая қарап, бірдеме деп шорт кесті. [4,65]- ашуланған, жақтыртпаған қыздың бейнесі.

-Андағы қара көздеріңді шақшитпай-ақ қой. Көздерің бәрібір түк көрмейді...Ха-Ха-Ха!- деп Станислав қарқылдап жіберді. [6,122]- жек көріп тұрған адамның кейпі.

Эмоцияның тіл арқылы бейнеленуі, тілдік құралдар арқылы берілуі әрдайым қиындық тудырады. Себебі бір эмоция түрлі тәсілдермен берілуі немесе бірнеше эмоция бір дыбыспен, бір сөзбен, бір қимылмен білдірілуі мүмкін. Вербалды және бейвербалды амал-тәсілдер белгілі бір эмоцияға ғана тән болуы мүмкін немесе әртүрлі жағдаятқа байланысты түрлі эмоция кезінде жасалуы да мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 512 б.
2. Бөкей О. «Құлашаның шоты еді» Қайдасың, қасқа құлыным Повесть, әңгімелер.- Астана: Елорда,1999.-328 бет
3. Мұқанова Р. «Құдірет-кие». –Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2001.-320-бет
4. Дулатов М. Бақытсыз Жамал; Жомартбаев Т. Қыз көрелік; Аймауытов Ж. Ақбілек: “Жазушы”, 2009.-320 бет- “Қазақтың 100 романы” сериясы.
5. Майлин Б. Азамат Азаматыч: Роман; Мүсірепов Ғ. Ұлпан:Роман.-Алматы: “Жазушы” 2009.-440 бет “Қазақтың 100 романы” сериясы.
6. Алтай А. «Казино» Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер.-Алматы: «Арда +7» 2013-400 бет.

УДК 81-139

### **СИСТЕМА БИГРАММ ЯЗЫКА МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНВЕНЦИЙ КАК ИНСТРУМЕНТАРИЙ СОБЛЮДЕНИЯ ПРАВ НАЕМНЫХ РАБОТНИКОВ**

**Конеева Айжана Рахметалиевна**

[ayzhana.koneeva@mail.ru](mailto:ayzhana.koneeva@mail.ru)

**Купшинова Милана Хатаовна**

[milana.kupshinova@mail.ru](mailto:milana.kupshinova@mail.ru)

студенты 3 курса Юридического института (Международно-правовой профиль)

Пятигорского государственного университета

Научный руководитель – канд.полит.наук, доцент кафедры английского языка и профессиональной коммуникации О.М. Литвишко

Овладение профессионально-ориентированным иностранным языком подразумевает не только усвоение норм языка, навыков устной коммуникации, но и использование языка в определенных функциональных целях. Знание английского языка сферы международного права позволяет специалистам осуществлять успешную и эффективную коммуникацию в профессиональной среде, дает возможность овладеть навыками составления юридических документов на английском языке, ведения переговоров с клиентами по спорным вопросам, защиты их интересов, в том числе в сфере международного трудового права.

Настоящая статья описывает результаты проведенного исследования по выявлению тематически обусловленных устойчивых словосочетаний в юридическом английском языке. Статья носит междисциплинарный характер, поскольку представляет собой исследование на